

Қазақстанның Өзбекстандағы жылы салтанатты жағдайда ашылды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Өзбекстандағы жылының ашылу рәсіміне қатысты. Жылдың ашылу рәсімі басталар алдында мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі мазмұнын ашуға арналған «Ұлы дала мұрасы» атты көрмені аралады.

Жолдыбай БАЗАР,
«Egemen Qazaqstan» –
Ташкенттен (Өзбекстан)

әріптестік пен жемісті ынтымақтастықтың қазіргі кезеңдегі жоғары деңгейге көтерілген тарихи достықтың қисынды жалғасы екенін айтты.

– Шекара маңындағы ынтымақтастық нығайтып, тауар айналымы өсіп келеді. Бүгінде Қазақстан-Өзбекстан қарым-қатынастарында шешілмеген ешқандай мәселе жоқ екенін нақты айта аламын. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен құрметті Президент Шавкат Мирзиёевтің арқасында қазақ-өзбек қатынастары жоғары деңгейге көтерілді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы ұлы Абайдың қазақтарға бауырлас өзбек халқының еңбекқорлығын, қайырымды істері мен қарапайымдылығын үлгі етіп, үйренуге шақырғанын айтып, Өзбекстан басшылығына қазақ мәдениетін қолдағаны үшін ризашылығын білдірді.

– Президент Шавкат Мирзиёевтің «Қазақтың ұлы ақыны һәм ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын кеңінен оқу мен насихаттау туралы» қаулысы аясында атқарылған ауқымды шаралар үшін ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы өзбек диаспорасын қолдау шараларына жеке тоқталды.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорындағы еліміздің ежелгі өнер туындылары, соның ішінде Есік қаласынан табылған Алтын адам, Берел қорғандарынан табылған аттар мен ат әбзелдерінің қалпына келтірілген нұсқалары, «Тақсай Ханшайым», «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бірегей экспонаттары қойылған.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке және өзбек халқына жылы қарсы алып, қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

– Бізді тіліміздің бірлігі, дініміз, ортақ тарихымыз бен біртұтас тағдырымыз біріктіреді. Халықтарымыз – Орталық Азиядағы ежелгі әрі ұлы өркениеттің мұрагері. Біз дәстүрімізді, бабаларымыздың құндылықтары мен мәдени-тарихи мұраларын сақтап қалдық. Сонымен қатар көптеген қиын сынақтарды бастан өткердік, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық



Суреттер Президенттің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

– Біз өз елімізде өмір сүріп жатқан өзбек халқының рухани, әлеуметтік қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жан-жақты шаралар жасап жатырмыз. Қазақстанның барлық дерлік өңірінде өзбек этномәдени бірлестіктері ашылған. Өзбек тілі Қазақстанның медиа саласында, білім жүйесінде және мәдени өмірінде орнын алған. Екі өзбек театры табысты жұмыс істеуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен 200-ден астам шараны қамтыған Өзбекстанның Қазақстандағы жылы екіжақты байланыстың нығаюына ықпал еткенін

атап өтіп, Шымкентте өткен алғашқы Өңіраралық форумға ерекше тоқталды.

– Екіжақты тауар айналымын 5 миллиард долларға жеткізу туралы мақсатымызға біртіндеп жақындап келеміз. Көлік қатынастарының қарқынды арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Біздің елдеріміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымдарының дамуы Еуропа мен Азия нарықтарына шығуға мүмкіндіктер ашады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Өзбекстандағы жылы екі ел қарым-қатынасы үшін ғана емес, тұтас Орталық

Азияда өзара түсіністік және сенім ауанының қалыптасуы үшін маңызы бар айтулы оқиға екенін атап өтті.

– Орталық Азияның табысты экономикалық дамуы, тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, негізінен, Қазақстан мен Өзбекстанның тығыз ықпалдастығы мен келісілген іс-әрекеттеріне байланысты. Шұғыл түрде түркі дүниесінің ғана емес, әлемдік мәдениеттің мақтаншына айналған біздің елдеріміздің басты рухани және тарихи орталықтарын бір-бірімен байланыстыратын Түркістан, Самарқанд, Бұхараны бір бағытқа қосатын туристік кластер ашуды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырған қазақ-өзбек халықтарының достығы мен бірлігін сақтау қазіргі ұрпақтың ортақ парызы екенін атап өтіп, Қазақстанның Өзбекстандағы жылы ашық деп жариялады.

Салтанатты рәсім Әлібек Дінішев, Айман Мұсақожаева, Медет Шотабаев, Нұрлан Бекмұхамбетов, Димаш Құдайбергел, Мария Мудряк сынды Қазақстан өнерінің қайраткерлері мен сахна шеберлері, шығармашылық ұжымдарының қатысуымен өткен гала-концертпен қорытындыланды.

Өзбекстандық көрермендер назарына М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан үзінді, «Astana Ballet» театрының хореографиялық композициясы, «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің, Қ.Қожамьяров атындағы Мемлекеттік республикалық академиялық ұйғыр театрының және Мемлекеттік республикалық академиялық корей театрының орындауындағы қойылымдар ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің бірлескен мәлімдемесі

2019 жылғы 14-15 сәуірде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің шақыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға мемлекеттік сапары өтті.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісуімен жылы және шын көңілмен құттықтап, Қазақстанның қазіргі заманғы дамуына және шет мемлекеттермен көпжақты байланыстарына лайықты үлес қосқан халықаралық ауқымдағы саясаткер және мемлекеттік қайраткер ретіндегі мол тәжірибесін атап өтті.

Мемлекет басшылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың екі ел арасындағы бауырластық байланыстар мен стратегиялық серіктестікті, оның ішінде Орталық Азиядағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастықты дамытуға қосқан көрнекті ролін айрықша атап көрсетті.

Осы тұрғыда, Президент Қ.Тоқаев Президент Ш.Мирзиёевті Қазақстан-Өзбекстан қатынастары мен өңірлік ықпалдастықты кеңейтуге және нығайтуға бағытталған Қазақстанның қазіргі сыртқы саяси бағытының сақталатынына сендірді.

Келіссөздер барысында президенттер дәстүрлі достық, өзара сыйластық, сенім мен ашық рухта екіжақты қатынастардың негізгі мәселелерін, өзара мүдделілік танытылған өзекті өңірлік және халықаралық проблемаларды талқылап, екі ел арасындағы кеңформатты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мен кеңейтудің перспективаларын қарастырды.

Мемлекет басшылары терең тарихи және рухани байланыстарға, тату көршілік пен өзара қолдауға негізделген Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы жақын әрі мығым достық қатынастардың өспелі сипатын ризашылықпен атап өтіп, екіжақты қатынастарды жана сапалық деңгейге көтеру екі бауырлас елдің мүдделеріне жауап беретініне сенім білдірді.

Президенттер, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы 1998 жылғы 31 қазандағы Мәңгілік достық туралы шарт пен 2013 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы шартта бекітілген принциптер мен міндеттемелерге бұлжымас беріктігін растай отырып, төмендегілер туралы мәлімдейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметі және

Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған Экономикалық ынтымақтастықтың стратегиясын жүйелі орындау екі елдің стратегиялық мүдделерінің бірлігіне негізделген, экономика саласындағы өзара тиімді және жемісті ықпалдастықты ұлғайтуға қызмет етеді.

Екіжақты сауданың оң қарқынды ризашылықпен атап өте отырып, мемлекет басшылары екіжақты сауда көлемін 2020 жылдың соңына 5 млрд долларға дейін өсіруді, оның құрылымын арттаптандыруды, сондай-ақ өңіраралық ықпалдастықты қоса алғанда, экономикалық кооперация мен инвестициялық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді жаңа нысандарын дамытуға қамтамасыз етуге өз ұмтылыстары бойынша ортақ пікірде.

Тараптар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы 2018 жылғы 16 қарашада Шымкент қаласында өткен алғашқы Өңіраралық ынтымақтастық форумның және 2019 жылғы 15 наурызда Ташкент қаласында өткен Орталық Азия елдерінің бірінші өңірлік экономикалық форумның қорытындыларын оң бағалады.

Мұндай форматтар екіжақты және өңірлік деңгейлерде өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен ұлғайтуға, сауда, инвестициялар, логистика салаларындағы жаңа перспективті жобаларды іске асыруға, интеграцияланған өнеркәсіптік технопарктер, ғылыми-инновациялық кластерлер мен еркін экономикалық аймақтарды құруға септігін тигізеді.

Президенттер екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның қызметін жандандыру мен жетілдірудің, сондай-ақ екі елдің Үкімет басшыларының тең төрағалар етіп тағайындау жолымен оның статусын көтерудің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшылары халықаралық саясаттың өзара мүдделі, маңызды мәселелері бойынша тараптар ұстанымдарының ұқсастығын растады және Орталық Азияның гүлденуі мен халықтарының игілігі үшін тұрақтылық пен қауіпсіздік атмосферасын нығайтуға қолғабыс етуге екі жақтың да ұмтылысын атап көрсетті. Тараптар ШҰҰ, ТМД, АЭСШК мен басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберінде өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға уағдаласты.

Өзбекстан лидері Қазақстан Республикасының 2017-2018 жылдардағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ мүдделерін халықаралық аренада ілгерілету мәселелеріндегі қызметіне жоғары баға берді.

Елдердің басшылары БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдар шеңберінде екі тараптың халықаралық бастамаларын өзара қолдау бойынша

екі ел ұстанымдарының мызғымастығын растады.

Тараптар өңірде және жалпы әлемде қалыптасып отырған ахуалды бағалаудағы ортақ ұстанымдарды атап көрсетіп, өңірдегі қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қатерлерге қарсы тұру мен олардың алдын алуға бағытталған, ең алдымен екіжақты форматта және көпжақты құрылымдар шеңберінде халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есірткі трафиğine, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға және басқа да проблемаларға қарсы күресте бірлескен шаралар қабылдауды жақтап сөйледі.

Мемлекет басшылары Ауғанстан Ислам Республикасы (АИР) қалпына келтіру үдерісіндегі күш-жігерлерді біріктіруге маңыз береді. Қазақстан мен Өзбекстанның президенттері АИР экономикасын жанартуға бейілділіктерін растады және Ауғанстанмен ұзақ мерзімді тату көршілік ынтымақтастықты өрістетуге, соның ішінде көлік коммуникациялары, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы ірі жобаларды іске асыру жолымен дамыту қажеттігін жақтайды.

Ауған басшылығы жүзеге асырып жатқан бейбітшілік пен татуласуға қарай қадамдарды қолдау үшін «Бейбіт үдеріс, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және өңірлік өзара ықпалдастық» атты Ауғанстан жөніндегі Ташкент конференциясын қоса алғанда, өңірлік және халықаралық форумдардың маңыздылығын атап көрсете отырып, екі ел басшылары Ауғанстандағы бейбіт үдеріске мүдделі халықаралық қоғамдастық пен көрші мемлекеттердің күш-жігерлеріне жәрдемдесуді жақтады.

Қазақстан Президенті 2020 жылы Ташкентте Ислам Ұлымақастығы Ұйымының (ИҰҰ) ғылым және технологиялар бойынша екінші саммитін өткізуге қолдау білдірді. Тараптар 2017 жылғы қыркүйекте Астанада өткен ИҰҰ ғылым және технологиялар бойынша бірінші саммитінің жұмысын жоғары бағалап, оның қорытындылары мен шешімдерін жүзеге асыруда ИҰҰ екінші саммиті шеңберінде жалғастыруға уағдаласты.

Мемлекет басшылары қорғаныс және әскери-техникалық саладағы, сондай-ақ ғарыштық зерттеулер мен әзірленімдер саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жәрдемдесу ниеттері туралы мәлімдеді.

Екі мемлекеттің басшылары Арал теңізі бассейніндегі нақты бағдарламалар мен жобаларды іске асыру бойынша өңір елдерінің халықаралық ұйымдар, қаржылық және экологиялық институттармен ықпалдастығын кеңейту арқылы Аралды құтқарудың халықаралық қоры шеңберіндегі ынтымақтастықты жандандыруға өзара мүдделілікті растады.

Қазақстан мен Өзбекстан халықтарының мәдени, тарихи және рухани бірлігін атап өте отырып, Қ.Тоқаев пен Ш.Мирзиёев ғылым, білім беру, мәдениет, өнер, туризм, спорт және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі қарқынды дамытуға бейілділіктерін растады.

Тараптар 2018 жылы Қазақстандағы Өзбекстан жылының сәтті өткізілуін және 2019 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстанның Өзбекстандағы жылының салтанатты ашылуына ризашылықтарын білдірді. Мұндай іс-шаралар қазақ және өзбек халықтарының бауырластығы мен рухани туыстығының, екі елдің шынайы достығы мен тағдырларының ажырамас жақындығының нышаны болып табылатынын, сондай-ақ халықтар арасындағы тату көршілік қатынастарын нығайтуға, өзара түсіністік пен сенімді, көршілік қолдауды тереңдетуге жәрдемдесуді деп атап өтті.

Мемлекет басшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау үдерісінің сәтті жүріп жатқанын, сондай-ақ екі елдің шекара маңындағы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуды, трансшекаралық экономикалық байланыстар мен гуманитарлық алмасуларды жандандыруды, азаматтардың өзара сапарларын арттыруға септігін тигізетін өткізу бекеттері қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуді құптады.

Екі елдің президенттері өз аумағында тұратын екінші тарап өкілдерінің этностық, тілдік және ұлттық мәдениеттерін сақтау мен дамыту үшін ынтымақтастықты нығайтуға, тараптардың заңнамаларына сәйкес олардың өкілдерінің қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық өміріне белсенді қатысуына жағдай жасауға ниеттерін растады.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы екіжақты және көпжақты қол қойылған шарттарды уақтылы және сапалы жүзеге асырудың, сондай-ақ екі мемлекет арасындағы шарттық-құқықтық базаны одан әрі кеңейтудің маңыздылығын атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке, бүкіл өзбек халқына жылы қабылдау мен қонақжайлық үшін алғысын білдірді және Өзбекстан басшысын оған ынғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды. Сапардың мерзімдері дипломатиялық арналар арқылы келісіледі.

Ташкент, 2019 жылғы 15 сәуір